

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК

Анықтама

«Асыл әже» – Жас аналарға әжелерден қыз тәрбиесі туралы кеңестер

Әже – отбасының ұйытқысы, ұлттық тәрбие мен салт-дәстүрдің сақтаушысы. Қазақ қоғамында әжелер қыз баланың тәрбиесінде ерекше рөл атқарады. Олар болашақ аналарға өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, қазақи тәрбие мен әдептілікке баулудың үлгісін көрсетеді.

«Асыл әже» шарасы аясында біздің балабақшада жас аналар мен әжелер бас қосып, қыз тәрбиесі жайлы маңызды әңгіме өрбітті. Бұл кездесудің мақсаты – ұрпақтар сабақтастығын нығайту, қазақ халқының дәстүрлі тәрбие қағидаларын жаңғырту және жас аналарға өмірлік тәжірибе мен кеңестер беру.

Әжелерден жас аналарға қыз тәрбиесі туралы кеңестер:

Ұлттық тәрбие – қыздың бойындағы көркем мінездің негізі

Қыз баланы мейірімділікке, инабаттылыққа, сыпайылыққа баулу.

Үлкенді құрметтеу, кішіге ізет көрсету сияқты дәстүрлі құндылықтарды дәріштеу.

Үй шаруасына ерте жасынан бейімдеп, ұқыптылық пен еңбекқорлыққа үйрету.

Қазақ қыздарына тән ұяндық пен ізеттілік

Қыз балаға артық сөйлемеді, орынды күлу мен сыпайы сөйлесуді үйрету.

Киім кию мәдениеті мен өзін-өзі ұстау әдебіне мән беру.

Анасының жанынан табылып, ақылын тыңдау маңызды екенін түсіндіру.

Қыз баланы еңбекке баулу

Үй тіршілігіне жастайынан араластырып, ас әзірлеуге, қолөнерге үйрету.

Тазалық пен ұқыптылықтың маңызын түсіндіру.

Дәстүр мен ұлттық құндылықтарды сақтау

Қыз балаға ата-баба мұрасын, салт-дәстүрді сіңіру.

Қазақтың әсем әндері мен күйлерін тыңдатып, ұлттық ойындар мен қолөнерге баулу.

Қазақ әйелдеріне тән сабырлылық, ұстамдылық қасиеттерін бойына сіңіру.

Қыз бала – ертеңгі ана

Ана болудың қасиетті міндет екенін ұғындыру.

Жауапкершілікті, сабыр мен төзімді үйрету.

Қыз баланың бойына жанашырлық, мейірім мен қамқорлық сезімдерін дамыту.

Бұл кеңестер – ғасырлар бойы қазақ халқының ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан тәрбиесінің негізгі қағидалары. «Асыл әже» кездесуі жас аналарға үлкендерден тәлім алып, қыз тәрбиесінің маңызын түсінуге үлкен мүмкіндік берді. Әжелердің батасы мен ақыл-кеңестері әр жас ананың жүрегінде сақталып, болашақ ана ретінде өз қыздарына ұлттық тәрбиені сіңіруде бағыт-бағдар болады деп сенеміз.

Әдіскер: Саттыкова А